



Кадирова Газиза Оразалиевна

Лауазымы: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Білімі: Жоғары

**Бітірген оқу орны: Шымкент қаласы,
Қ.А.Ясауи атындағы**

**Халықаралық Қазақ-Түрік университеті,
филология факультеті, 2002-2008ж**

Сабақ беретін пәні: қазақ тілі мен әдебиеті

Санаты: Педагог-сарапшы

Педагогикалық еңбек өтілі: 13 жыл

**Шығармашылық тақырып: «Сабақ үдерісінде
оқушылардың зейінін дамыту жолдары»**

Кадирова Газиза Оразалиевна
Шымкент қаласы

Зейін

АСТАНА



Кадилова Газиза Оразалыкызы
Шотыкова Жанар Мараткызы

Зейін



* Құрметті әріптес!

- * Барлық мұғалімдер сабақ беретін оқушыларының ақылды әрі жақсы дайындалып, жақсы оқыса екен деп тілейді. Баланың ақыл-ойының дамуында тамаша нәтижелерге жету үшін, онымен бірге тер төгуге тура келеді. Ал бұл біріккен еңбек қиындық тудырмас үшін, әуелі сабақ бастамас бұрын оқушының зейінін шоғырландыру маңызды. Себебі алдыңызда отырған отыз оқушы отыз түрлі ойда, көңіл күйде отырғанда білім бермей тұрып назарын, зейінін аудару жаттығуларын жүргізген немесе ой салатын қызықты әңгіме айтқан дұрыс. Сонда сіздің оқушыңыз әр сабағыңызға «Мұғалім, бүгін не өтеміз?» деген сұрақ қоя қызығушылықпен келетіні сөзсіз.
- * **Түсінік:** Зейін-сананың қандай да болса бір затқа, құбылысқа немесе іс – әрекетке бағытталуы немесе шоғырлануы. Сананың бағытталауы деп объектіні таңдап алуды айтамыз, ал сананың бір нәрсеге шоғырлану дегенде, бұл объектіге қатысы жоқтың бәріне көңіл аудармауды айтады.
- * Сабақ барысында тапсырманы сапалы орындау үшін оқушы ұйымшылдық, өз бетімен жұмыс істей алу, табандылық, тәртіптілік сияқты адамгершілік - еріктік қасиеттерін иемденуі қажет. Күн сайын сабақтың басында зейінін аудару, шоғырландыруды дағдыға айналдырсаңыз, оқушының әр түрлі жағдайлардағы іс-әрекетін бақылай отырып, осы қасиеттердің жеткілікті тәрбиеленгеніне көз жеткізе аласыз.



Зейін

I. Зейінді дамыту және тәрбиелеу жаттығулары

II. Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары

III. Есті дамыту және тәрбиелеу жаттығулары.

IV. Қиялды дамыту және қалыптастыру жаттығулары, ойындары

V. Еркін сферасын дамыту және қалыптастыру жаттығулары

```
graph TD; IX[IX. Өзінді тексер (тест)] --> VI[VI. Психогимнастикалық жаттығулар "Өзінді ұстауды үйрен"]; IX --> VIII[VIII. Қызықты әңгімелер топтамасы]; IX --> VII[VII. Зейін тұрақтылығын, зейіннің бөлінуін, шоғырлануын қалыптастыратын жаттығулар];
```

VI.
Психогимнастикалық
жаттығулар "Өзінді
ұстауды үйрен"

IX. Өзінді
тексер (тест)

VIII. Қызықты
әңгімелер
топтамасы

VII. Зейін тұрақтылығын,
зейіннің бөлінуін,
шоғырлануын
қалыптастыратын
жаттығулар



Ұйымдасқандық:

Өзіне- өзі қойған немесе үлкендер қойған мақсатқа жете білуі, оған өз іс-әрекетінде бағынуы;

Үлкендер берген жоспарды басшылыққа ала білуі және өз бетімен алға қойған істерді ретті түрде жүзеге асыруы;

Тапсырманы орындауға берілген уақытты үнемді пайдалануы, жұмыстың қарқынын жылдамдата білуі.

Үлкендердің ақылын басшылыққа ала отырып, өзін-өзі ұстай білуі, өз істерін бақылауы, өзінің бастапқы ойы мен алынған нәтижені салыстыруы.

Өз жұмысын және жолдастарының жұмысын әділетті бағалай білуі, жетіспеушілікті таба білуі

Сыртқы ұйымшылдығы жұмыс үстеліндегі реттілік жұмысқа арналған материалды қолданудағы ұқыптылығы, жұмыстан алаңдаудың болмауы

Жауапкершілік



Жеке өз басы үшін ғана емес, өзгелер үшін де маңызы бар іс-әрекетті міндетті түрде орындаудың қажеттілігі мен мәнін түсіне білуі, тапсырылған іске жауап беруге дайындығы:

Кездескен қиындықтар мен кедергілерді жеңе білуі, егер сәтсіз орындалса, қайта жасай білуі, тиімді тәсілдерді іздестіруі; Іс тапсырғанды місе тұтып, жетістік үшін алаңдауы;

Жұмыс нәтижесін бағалай білуі;




Өз бетімен жұмыс істеу

Бір нәрсені орындау туралы тапсырманы қуана құптауы, өзіне пайдалы істер таба алуы, ойын ойнау, еңбек ету, жұмыс істеу үшін жағдай туғызу:

Үлкендер тарапынан бақылау болмаған жағдайда да тапсырманы орындауы;
Басқалардың көмегінсіз тапсырманы орындай алуы:

Қиындықтарды жеңіп, нәтижеге жете алуы;
Өз бетімен орындаған жұмысына қанағаттануы



Тәртіптілік:

Үлкендердің талаптарын, тапсырмаларын және өз міндеттерін, қуана әрі уақытылы орындалуы;

Тәртіп талаптарына қайшы келетін қадам жасамауда өзін-өзі ұстауы;

Өзінің ойы мен тілегін басқалардың ой тілектерімен сәкестендіре алуы





Табандылық:

Алға қойған мақсатқа жету үшін, ұзақ уақыт бойы күшжігерін жұмсай алуы, мақсатқа жетуі;
Мақсатқа жетер жолдағы қиындықтар мен кедергілерді жеңе білуі;
Бастаған істі аяқтау



Педагогикалық ұжымға тест
Сонымен, сіздің шығармашылық
потенциалыңыз қандай?
Ұсынылған жауаптардың бір
нұсқасын таңдаңыз:

Қазіргі оқыту және тәрбиелеу жүйесі жақсартылуы мүмкін деп санайсыз ба?

А) Иә

Б) Жоқ, ол онсыз да жаман.

В) Кейбір жағдайларда мүмкін, бірақ мектептің бүгінгі жағдайында аса қажет емес.

2. Оқыту мен тәрбиелеу жүйесін өзгертуге өзім де қатыса алам деп ойлайсыз ба?

А) Иә, көпшілік жағдайда.

Б) Жоқ

В) Иә, кейбір жағдайларда.

3. Сіздің кейбір идеяларыңыз сіз істейтін іс-әрекет саласында ілгерілеуге ықпал етеді деп санайсыз ба?

А) Иә.

Б) Иә, жағымды жағдайлары.

В) Шамалы мөлшерде ғана.

4. Өзіңіздің үздіксіз білім беру жүйесінде келешекте маңызды роль атқарып, түбегейлі өзгерістер енгізе аламын деп санайсыз ба?

А) Иә, әрине.

Б) Күмәндімін.

В) Мүмкін.

5 Сіз әрбір әрекетке кірісерде істің жағдайын жақсартуға ықпал ететін өзіңіздің бастамаңызды жүзеге асыра алам деп ойлайсыз ба?

А) Иә.

Б) Жиі ойланамын, бірақ істей алмаймын.

В) Иә, жиі.

6. Оқыту туралы ғылым ретінде дидактикамен айналысу ойыңызда бар ма?

А) Иә, белгісіз нәрсе мені қызықтырады.

Б) Жоқ, бұл ғылымда маған таныс нәрселер мені қызықтырады.

В) Бәрі де ғылымның зерттеу мақсатына байланысты.

7. Сізге, салыстырмалы түрде алғанда, жиі-жиі жаңа іспен айналысуға тура келеді. Осы істе жетістіктерге жеткіңіз келеді ме?

А) Иә.

Б) Менен бұрын ұол жеткен жетістіктерге қанағаттанамын.

В) Жоқ, табысқа жету мүмкін еместігін білемін.

8. Егер проблема шешілмесе, бірақ оның шешімі сізді толғандырса, бұл мәселені шешетін барлық теориялық жағдайларды білгіңіз келеді ме?

А) Иә.

Б) Жоқ, жинақталған тәжірибе білімі жеткілікті.

В) Жоқ.

9. Сәтсіздікке душар болғанда:

А) Көпке дейін алған бетіңізден қайтпайсыз.

Б) Қолыңызды сілтейсіз.

В) Ісіңізді жалғастыра бересіз.

10. Сіздің ойыңша, адам мамандықты мына жағдайларға байланысты таңдауы керек:

А) Өз мүмкіндігіңізге және болашағыңызға қарай.

Б) Мамандықтың қажеттілігіне қарай.

В) Оның беретін артықшылығына қарай.

11. Саяхат жасағанда бір рет өткен маршруттан екінші рет оңай өте аласыз ба?

А) Иә.

Б) Жоқ.

В) Иә, тек өзіме ұнаған жерлерден.

12. Әңгімелескеннен кейін не айтылғандарды барлығын бірден есіңізге түсіре аласыз ба?

А) Иә, қиналмай-ақ.

Б) Мені

қызықтыратындарды ғана есте сақтаймын.

В) Барлығын еске түсіре алмаймын.

13. Мәтінде белгісіз термин кездесе, оны ұқсас жағдайларда қолдана аласыз ба?

- А) Иә, қиналмай-ақ.*
- Б) Иә, егер терминді оңай есте сақтауға болатын болса.*
- В) Жоқ.*

14. Бос уақытыңызда жақсы көресіз:

- А) Оңашада ойлануды.*
- Б) Компанияда болуды.*
- В) Сізге бірі бір, бәрі бір өз проблемаңызды шешесіз.*

15. Сіз баяндама (мәлімет) дайындап жатырсыз. Бұл істі мынадай жағдайда ғана тоқтатасыз:

- А) Жұмыс аяқталды, сізге тамаша орындалған тәрізді көрінеді.*
- Б) Өзіңізге шамалы болса да ризасыз.*
- В) Бәрін жасай алмадыңыз, басқа да жұмыстар бар.*

16. Оңаша қалғанда:

- А) Сүйікті жазушыңыздың кітаптарын оқисыз.*
- Б) Өзіңізге нақты іс табуға тырысасыз.*
- В) Өз жұмысыңызға қатысты мәселелерді шешесіз*

17. Сізде бір идея пайда болған жағдайда:

- А) Қай жерде, кіммен екеніңізге қарамастан, соны ойлайсыз.*
- Б) Оңашада ғана.*
- В) Аса шулы емес жерде ғана.*

18. Сіз өз идеяңызды қорғағанда:

- А) Сенімді дәйектерді тыңдағанда, одан бас тартасыз.*
- Б) Қандай дәйектеме келтірілсе де, өз пікіріңізде қаласыз.*
- В) Қатты қысым көрсетілген жағдайда, ойыңызды өзгертесіз.*



**Ұпайларыңызды төмендегідей
санаңыз:**

А жауабына – 3 ұпай.

Б жауабына -1 ұпай.

В жауабына -2 ұпай.

49 және одан артық ұпай. Шығармашылық мүмкіншілігіңіздің байлығын білдіретін потенциалыңыз бар. Егер өз қабілетіңізді істе қолдана алсаңыз, сіздің қолыңыздан шығармашылықтың әрбір түрлері келеді.

24 -тен 48 ұпайға дейін. Сізге қалыптағыдай шығармашылық потенциал бар, бірақ шығармашылық үрдісіне кедергі жасайтын проблемаларыңыз да бар. Егер өзіңіз қажет еткен жағдайда, шығармашылық танытуға потенциалыңыз жетеді.

23 және одан аз ұпай. Өкінішке орай, сіздің шығармашылық потенциалыңыз шектеулі. Мүмкін сіз өз қабілетіңізді қажетті деңгейде бағаламайтын шығарсыз? Өз күшіңізге сенімнің жоқтығы. Сіздің шығармашылығыңызға кедергі жасайтын шығар? Сізге көбірек сенімділік керек. Бір қызықты істі бастап, аяғына дейін жеткізіңіз. Осылайша проблемаларыңызды шеше аласыз.



ТІЛІМ БОЛЫП МӘНГІЛІК,
АТСЫН ӘРБІР ТАҢ КҮЛІП.
НҰРЛЫ ЖОЛЫМ БАҚ БЕРСІН
ӘРБІР ЖАНДЫ ТАҢ ҚЫЛЫП!

**НАЗАР ҚОЙЫП
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА
МЫҢ АЛҒЫС!**

